

## Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 4 қазандағы № 158 өкімі.

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 12 мамырдағы № 44 өкімімен бекітілген Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитеттің құрамына мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Консультативтік комитеттің құрамына мына адамдар енгізілсін:

Беларусь Республикасынан

Бибигов  
Денис Владимирович -

Беларусь Республикасы  
Монополияға қарсы реттеу және  
сауда министрлігінің  
Монополияға қарсы реттеу бас  
басқармасы бастығының  
орынбасары – табиғи  
монополияларды реттеу,  
отын-энергетикалық кешен және  
көлік басқармасының бастығы

Ресей Федерациясынан

Махонин  
Дмитрий Николаевич -

Федералдық монополияға қарсы  
қызметтің Отын-энергетика  
кешенін реттеу басқармасының  
бастығы

б) Консультативтік комитет мүшесінің жаңа лауазымы көрсетілсін:

Фомин  
Игорь Алексеевич -

Беларусь Республикасы  
Монополияға қарсы реттеу және  
сауда министрлігінің  
Монополияға қарсы реттеу бас  
басқармасының бастығы

в) Консультативтік комитеттің құрамынан Крутой Д.Н., Трепенка И.С., Афоняшин А.А., Рутенберг Д.А. шығарылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссияның Энергетика және инфрақұрылымы жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) А.О.Жунусов Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитеттің отырыстарында төрағалық етеді (Консультативтік комитеттің төрағасы) деп белгіленсін.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 9 наурыздағы " Табиғи монополиялар жөніндегі консультативтік комитет қызметінің ұйымдастырушылық мәселелері туралы" № 21 өкімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық-телекоммуникациялық "Интернет" желісіндегі ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы Т. Саркисян*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК